

Comparative Turkish Dialects and Literatures
Karşılaştırmalı Türk Lehçeleri ve Edebiyatları
Cilt/ Volume 1, Sayı / Issue 1, Mayıs/ May 2022, 31-63

Atıf/Citation: Salkınbay, A. (2022). Қазақтың Ұлы Ақыны Абай Өлеңдеріндегі Бүтіндік Ұғымы. *Comparative Turkish Dialects and Literatures*. 1 (1). 31-63.

**ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ БҮТІНДІК
ҰҒЫМЫ**

The Understanding of Integrity in the Poems of the Great Kazakh Poet Abay

Araştırma Makalesi / Research Article

(Makale Geliş Tarihi: 12.03.2022 / Kabul Tarihi: 15.05.2022)

Salkınbay ANARKUL BEKMIRZAKIZI*

Tүйіндеме

Sözdiñ mağınası men мәни дiскврста нақтiланıp, lebiz quramında ajarlanıp, negizgi mağınalıq sipatına say erekşe kontekstik män ielenip, naqtılanıp, aşıla түседi. Maqalada sözdiñ lebizde öziniñ bastı qasietin tanıтıp, küşine enetini, öz bolmısın bildirip, qoғamdıq mäнге iе bolatını zertteledi. Lebizde qoldanısqа түsip, söz mağınalıq jaғınan damıdı, мәни tereñdeydi, burın таñbalanбаған jaña uғımdarға ataw beredi, söytip til de damıdı. Maqalada Abay öleñderiniñ mazmunına taldaw jasalıp, qoldanıстағы söz мәни анықталadı. Түрки тilderiniñ jaлғамалılıq tabiғatına say, түbir söz özgeriske az uşıraydı. Özge тilderмен salıstırғанда öziniñ tulғalıq qalpı men mağınalıq qurılımın anaғurlım jaqsı jāne анық saqtaydı. Maqalada key sözderdiñ étimologiyası ğılımi turғıdan qarastrıladı. Abay öleñderi арқılı sözben, söz tirkesterimen beriletin oy jelisi taldanıp, söz mağınası арқılı onıñ tarıxı, al söz арқılı ақынның nemese jeke adamның tulғasın, işki jan дүнiесi мен bolmısın, жүрек seziminiñ körinisin tanwға bolatını naqtı derekтермен taldawға түседi. Osınıñ negizinde ақынның artında turған ulttıñ, eldiñ, xalıqtıñ beynesin körip, дүнiетанımимен tabısatınımız дәlelденedi. Abay danalıғı мен sol zamandaғы qazaqı orta, bilim мен ğılımnan qalıñqı keşegi qazaqı qalıp salıstırıldı. Abay danışpanның eldi, xalıqtı

* Prof. Dr., El Farabi Kazak Millі Üniwersitesi; Prof. Dr. Al-Farabi Kazakh National University, asalkbek@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-2334-7499>.

öltirmeytin, awrwın aytıp, dertin tanıp, onıñ jazılar jolı men amalın naq basıp, däl tawıp, xalıqtıñ, ultıñ nağız därwişine, därigerine aynalğanı jazıladı.

Tüyin söz: Lebiz, qazaq bolması, danalıq, sözdñ mağınalıq-qızmettik erekşeligi.

Öz

Sözün anlamı ve anlamı söylemde netleşir, kelimenin bileşiminde açıklanır, asıl anlamına göre özel bir bağlamsal anlam kazanır, netleşir ve ortaya çıkar. Makalede, kelimenin asıl niteliğini konuşmada gösterdiği, yürürlüğe girdiği, kimliğini ifade ettiği ve toplumsal bir anlam kazandığı incelenmiştir. Deyimlerde kullanıldığı için kelime anlam bakımından gelişir, anlamı derinleşir, daha önce işaretlenmemiş yeni kavramlara isim verir ve böylece dil de gelişir. Makalede Abai'nin şiirlerinin içeriği incelenmiş ve kullanılan kelimenin anlamı tespit edilmiştir. Türk dillerinin eşlenik yapısına göre kök sözcük daha az değişime uğrar. Diğer dillere göre kişiliğini ve anlam yapısını daha iyi ve net bir şekilde korumaktadır. Makale, bazı kelimelerin etimolojisini bilimsel bir bakış açısıyla ele almaktadır. Abay'ın şiirlerinde söz ve tamlamaların aktardığı düşünce çizgisi incelenir, sözcüklerin anlamı üzerinden tarihesi incelenir ve şairin ya da bireyin kişiliğini, iç ruhunu ve özünü, gönül ifadesini sözcükler aracılığıyla tanımanın mümkün olduğu tespit edilir. Duygular gerçek verilerle analiz edilir. Buradan hareketle şairin arkasındaki millet, ülke, insan imajını görebileceğimiz ve onun dünya görüşünü paylaşabileceğimiz kanıtlanmıştır. Abai'nin bilgeliği ve o dönemin Kazak kültürü, eğitim ve bilim açısından zengin olan geçmişin Kazak kültürü ile karşılaştırılır. Bilge bilgenin ülkeyi ve halkı öldürmediği, hastalığı anlattığı, hastalığı tanıdığı, tedavisinin yolunu ve yöntemini bulduğu, halkın ve milletin gerçek şifacısı ve doktoru olduğu yazılır.

Anahtar Kelimeler: Lebiz, Kazak kimliği, hikmet, kelimenin anlam-fonksiyonel özelliği.

Abstract

In the article, it is said that the meaning of the word is specified in the discourse and is defined in part of speech and it acquires a special context color in accordance with the main semantic characteristics. The word in the speech structure expresses the main property, filled with power and according to its nature obtains social significance. In speech the Word gains semantic development, deepens the meaning and gives names to new concepts, thus the language develops. The article analyzes the content of the poetic heritage of Abai and reveals the meaning of used words. It is revealed that in accordance with the agglutinative nature of Turkish language the roots of the words rarely change, and in comparison with other languages, formal and substantive structure is preserved also the scientific etymology of some words is revealed. The semantic connection of the verses of Abai is analyzed, in which words and phrases convey the history of the word by their meanings, the identity of the poet, his inner world and his feelings are cognized through the word. It is

shown that the poet's words allow us to comprehend the worldview of the people, the nation. Compares the wisdom of Abai and Kazakh model at that time in which there was a shortage of knowledge and science. Thinker Abai acts as a healer of the nation, which clearly sees diseases of the people and the ways and methods of cure.

Keywords: Speech, Kazakh worldview, wisdom, semantic-functional feature of the word.

Кіріспе. Тілдің қызметі

Тіл – адам баласының жалпы болмысын, ішкі табиғатын танытушы. Адам сөйлейді, сөзбен өз ойын айтады, ішкі ойын танытады. Сөз арқылы таңбаланатын лебіз шындық болмысты бейнелейді, сөзбен адам өз ойын жүйелейді, негіздейді, уәжін түсіндіреді. Кей кезде өзімен-өзі сөйлесу, өзінен-өзі күбірлеу т.б. жағдайлардың болуы – ойды жүйелеу, негіздеу қажеттілігінен туындайтын түпсаналық деңгейдегі әрекеттердің көрінісі.

Өлемдік тіл білімі тілді адам баласының қызметінің нәтижесі ретінде таниды. Қазіргі прагматикасы бірінші орынға шыққан, «бүгін және қазір» деген ұстаныммен өмір сүріп жатқан ХХІ ғасыр ғылымы үшін, классикалық ілімнен гөрі, тіл экологиясы туралы мәселе кеңірек қозғалуы да ықтимал. Әрине, қазіргі тіл білімі теориясы кеңінен дамыды, әралуан аспектіден жан-жақты зерттеу үрдісі пайда болды. Қазақ тілінің құрылымы мен құрылысы жан-жақты айқындалды. Қалыптасқан дәстүрлі тіл білімімен қатар жаңа когнитивтік, лингвомәдени, коммуникативтік-функционалдық бағыт дамытылуда. Ендігі ғылыми ізденістер атаудың болмысындағы таным мен атаудың мәтіндегі әр алуан қызметін саралаумен, зерделеумен байланысты.

Сөйлеудің мүмкіндігі мол, мағыналық-қызметтік ерекшелігі әлдеқайда бай болғанымен, лебіздегі сөздің мағыналық құрылымы мен қызметтік ерекшелігі туралы ғылыми әңгіме аздау. Тіл тек лебізде ғана өзінің барлық көркімен әрлене көрінеді, сөздің парқы ақ парақта немесе ауызекі сөйлеуде нақтыланып, лебіз құрамында ажарланып, негізгі мағыналық сипатына сай ерекше контекстік мән иеленіп, ажарлана, ашыла түседі. Тек лебізде тіл өзінің басты қасиетін танытып, күшіне енеді, өз болмысын білдіріп, қоғамдық мәнге ие болады. Тіл лебізде ашылады, нұрланады, киесі кіреді, сезімнің жаршысына, жақсылықтың хабаршысына айналады. Лебізде қолданыста жүрген тіл нұрлана түседі, жасымайды - жасарады; солмайды - толады, қамалмайды – бояуы қанығады, дамиды, жанға жылу дарытады. Лебізде қолданысқа түсіп Сөз мағыналық жағынан дамиды, мәні тереңдейді, бұрын таңбаланбаған жаңа ұғымдарға атау береді, сөйтіп тіл де дамиды, байи түседі.

Өлең – сөздің Патшасы

Лебіз бен тілді қарама-қарсы қоюға болмайды, олар: бірі - құралы, бірі – қызметі болып, Патша СӨЗДІҢ мағыналық құрылымын жаңартуға, жасартуға, байытуға, дамытуға, сақтауға қызмет етеді.

Қазақ сөзінің патшасы – Өлең! Қызыл сөзге дес бермеген қазақ баласының басты қаруы да осы – Өлең!

Өлең – сөздің Патшасы, сөз сарасы.

Қиыннан қиыстырар ер данасы, (Құнанбайұлы 2020/1: 8) - деген ұлы Абай данышпанның сөзіне мән беру парыз. Кез келген адам сөзді қиыстырып айта алмайды, ердің данасы ғана сөзді саралайды, қиыннан қиыстырады, «аталы сөз» айтады. Бұны әрбір тілші ғалым ережедей ұстанса болады. Қазақ поэзиясында сөз өзінің нәрлі өңінде, сөлінде, шырайында, нақышында, мәнерінде, иірімінде ақтарыла ағылады. Біз мұнда Абай айтқан Өлеңді, сол Өлеңді өміріне балағандарды меңзейміз. Тілдің байыған, дамыған, жетілген, нұрланған тұсын көреміз.

Өлең мәні – тереңде. Бірден түсіне алмауың мүмкін! Уақыт тауып бірнеше рет қайталап оқу керек. Өлеңнің жалпы мазмұны көзі ашық, көкірегі ояу қазақ баласына түсінікті. Сөздерді жеке алып қарағанда түсініксіз болып тұрғаны немесе таныс емесі жоқ, өз ана тілін білетін, ел дәстүрінен хабардар кісіге анық. Ал сөздердің бір-бірімен байланысып, лебіздегі берген мағынасы мен оның ішкі мәнін түсіну үшін ақыл-парасат айдынына шомылған жөн болады. Терең ойға құрылған өлең жолдарының әрбірінде сом ой, шоң ақыл, мол пайым-парасат жатыр.

*Жүректе қайрат болмаса
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуаниша жүріп күнелтпек.*

«Ұйықтаған ой». Ой ұйықтаса адамның өзге жаратылыстан айырмасы бар ма? Демек, ой ұйықтамау үшін жүректе қайрат болуы қажет екен де, қайратты басқаратын ақылға сәуле қонуы шарт екен! Ол қандай сәуле?

1. Данышпан Абай жүрек пен қайрат сөзін байланыстырып, жүректе қайрат болуын қажеттілікке балайды. Қайрат – күш, жігер. Қазақта «ержүрек» деген сөз бар. Ерлік, батырлық жүректе деп тұр ғой. «Ерлік –білекте емес, жүректе» деп тағы да әпсаналайды дана халық. Жүрек пен қайрат қосылып біріксе, ұлы күшке айналады, жігері шыңдалады. Жүрек – сезім. Кейде бұларды синоним деп қабылдаса да болмаққа керек. Өзін «...адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы

үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын - мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын - мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманишылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбанишылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» - деп бағалайтын (Абай бағалататын) жүректе «дүниеде ешнәрсе онсыз кәмелетке жетпейтін», білімді ерінбей-жалықпай үйрену үшін керек, «Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жигызып алатұғын» (Құнанбайұлы 2020/1: 640) қайрат болғанда ғана ой-сана ұйықтамайды Бұл мінезді жасайды. «Ермінез» сөзінің уәжі осы ұғыммен сабақтас. Жүрек-сезім қайратты болып ойды қозғайды, кісі ойланады. Ойланбаған жанның несі кісі?!

«Ақылға сәуле қонбаса» дегенді талдап көрелік. «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын - мен, сенің сөзіңді ұғатұғын - мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен» дейтін ақылға сәуле қону керек деп ойды толықтыра түседі данышпан Абай.

Сәуле – жарық, сәуле – нұр.

Мағынасы - кең, семантикасы – терең. Жарық – тәрбие, көргендік, оқу, білім, тағылым, күн, дін – бәрі осы бір семантикалық өрісте жатады да, бірін-бірі толықтырады, бүтіндейді, әдіптейді, сөйтіп ортақ салтанатты Сәулеге қызмет етеді.

Ия, адамды Алла тағала бірдей етіп жаратты, бірдей етіп сана берді. Ал Санаға саңлау түсіретін сәуле! Ол сәулені қондыратын адамның өзі. Тәрбиені алу-беру, көру, көргенді түю, оқу, білім алу, оқып білгеннен, көрген-естігеннен тағылым алу, дінді тану, табу, Алланы сүю – адам баласының өзінің істейтін қызметі, таным жолы.

2. Ал Сәуле - нұрдың жолы өзгешелеу! Нұр (араб.: ضوء – жарық сәуле) – 1) күн сәулесі; 2) Құдай ақиқаты мен ілімінің, шапағаты мен сипатының көрінісі деген мағыналарда жұмсалады. Құран Кәрімнің “Нұр” сүресіндегі “Алла көктер мен жердің нұры...” (Алтай 1989: 24) – деген аятта Нұр Алланың шексіз мейір-шапағаты ретінде жұмсалады.

Адамның жан дүниесінің, өмір сүру кеңістігінің, мекені мен мезгілінің нұрлануының басты шарты осы Нұрдың бастау көзі Алланы барынша дәріптеп, көркем есімдерін еске алу делінген. А. Йассауидің “Миратул Қулуб” атты рисаласында үш түрлі Нұр қарастырылып, сопылық дүниетаным категориялары ретінде ашылған: “Біріншісі – зат нұры; екіншісі – сипат нұры; үшіншісі - хақ нұры (топырақ нұры немесе жарық дүние). Бұл жердегі зат нұры – Алла тағаланың нұры, сипат нұры – Хз. Мұхаммед Мұстафа (ғ.с.) пайғамбардың нұры, хақ нұры адамзаттың бұл дүниеде көрген нұры”(Йассауи 2010: 39)

3. Нұр-сәуле ұғымы Шаһкәрім Құдайбердіұлының өлеңдерінде кеңінен қолданылған. “Жазған хаттың сырымен, Жарқыраған нұрымен, Тазарып жүрек кірінен, Қайғыдан басым болды азат”, “Нұрға байсың нұрыңнан зекет парыз, Мен кедеймін нұр сұрап қылдым арыз”, “Мен жомартпын жар нұрына”, “Нұрыңнан жарық жүрегім, Ғайыптан хабар білемін”, т.б. (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 1983: 560) көптеген өлең жолдарында жүректі тазартып, нұрландыратын Алла тағаланың мейірім шапағаты ретінде қабылданады, қолданылады.

Ақыл біліммен толығып, танымы кеңімесе, хайуанша жүріп те күнделікті күйбең тіршілікті пенденің текке өткізіп алуы бек мүмкін. Ақыл қайраттан асып, озық тұруы жөн, болмаса терең танымға бойлау мүмкін емес екен. Абай биігі осылай дейді:

*Аспаса ақыл қайраттан,
Тереңге бармас, үстірттер.
Қартыңның ойы шар тартқан,
Әдеті жеңіп күңгірттер* (Құнанбайұлы 2020/1: 18).

Бойдағы күш, жігер, қайрат ақылға бой ұрса мақұл. Қазақ дүниетанымындағы «60-қа келгеннен ақыл сұрама» деген әфсанаға Абай да қосылады, «ой шар тартқанда», бұрынғы әдет, өткен салттан ары аса алмайтыны, жаңа ойға, жаңа жолға, жаңа идеяға жол беруі қажеттілік болар деп пайымдадық. «Елу жылда ел жаңа» болса, елу жылдан соң жаңа пайым, жаңа түсінік, жаңа дерекке, ерекше ерен көзқарас та қалыптасуы қажеттілік болар. «Жүректе қайрат болмаса» атты өлеңінде:

*Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса?* (Құнанбайұлы 2020/1: 23).

Адамның ішкі сезімі мен ақылы оны өзге болмыстағы жаратылыстан ерекшелейді, демек, Алла берген сезім мен ақылды сәуле-жарық-біліммен толықтырып, тереңдемесең, адамдықтың несі сән? Кісілік қайда?

Абай данышпан ақылға сәуле қондырып, білім мен ғылымға бет бұруды үндейді, соған шақырады:

*«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек...
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,*

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.» (Құнанбайұлы 2020/1: 54) - деген өлең жолдары жоғарыда келтірілген Қара сөздегі оймен үндес, қарайлас шығып жатады

*Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?!* (Құнанбайұлы 2020/1: 75).

«Адам» мен «надан» ұғымын оппозиция қалпында танытып, білімнің маңызын тағы да асқақтата түседі. «Надан» сөзінің мағынасын «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» былай деп ажыратқан: 1. «Топас, пайымсыз». Ол (халық) қараңғы; надан – оны билеген күш қуат, қара албасты, қара түнек күштері (Брекле 1978: 306). *Бұны ойласа Абай бір сәт шұғыл қатал бір ойға ауысады* (Майтанов 2013: 7). *Жоқ, бұл сөз жалғыз ишанның ғана сөзі емес, осы отырғандардың бәрінің сөзі. Тогышар, надан, топтың сөзі* (І. Есенберлин. Қатерлі.). 2. «Топас». Хат танымайтын қараңғы, білімсіз. *Нұрымның залымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін, надан, пішіні де жаман, толған боқауыз бен были-были насыбай* (С. Торайғыров). Қас надан. Нағыз топас. *Ғылымды білме, өтірікке сене бер... Көрсөқыр, қас надан болып қала бер, деп тұрған жоқ па?* (М. Дүйсенов, Мейман.) (Брекле 1978: 306).

Абай қолданысындағы «надан» – ақылына сәуле түсірмеген, оқымаған, хайуанша жүріп күнелтетіндер. Оқыған адам мен оқымаған наданның арасы тым бөлек, ерекше алыс. «Адам» – ақылына сәуле түсірген, көргенді, оқыған, білім қуған, ғылым алған, Алланы сүюге ұмтылғандар болса, надан - осыған қарама-қарсы ақылына сәуле түсірмеген, ештеңе көрмеген, көрсе де көкірегіне түйе алмаған, оқымаған, білім алмаған, ғылым қумаған, Алланы сүюге ұмтылмағандар.

Қазақ дүниетанымында «көрмеген», «ештеңе көрмеген», «көргенсіз» дейгін атаулар «көру» ұғымымен байланысты. Дала дүниетанымы «Көре-көре көсем боласың. Сөйлей-сөйлей шешен боласың» деп тәмсілдейді. Өзіне

дейінгіні танып, көріп, сол көргенін істеген, жақсылықты таныған да кісіліктің келбетін танытады. Оқу мен білімге ерекше ден қойып, мән беріп, терең бағалаған Абай надандықтан бойын аулақ салғанымен, ең халықтың надандығын көріп, үлкен қиналысқа, толғанысқа түседі:

*Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?! (Құнанбайұлы 2020/1: 10).*

Бірінші, екінші жолдағы ойға екінші және үшінші жолдағы ой қарама-қарсы тұр. Сол арқылы Абай биігі мен дала шындығы көз алдыңызға қайта оралады. Абай даналығы мен сол замандағы қазақы орта, білім мен ғылымнан қалыңқы кешегі қазақы қалып. «Ауруын жасырған өледі», ал Абай данышпан елді, халықты өлтірмейтін, ауруын айтып, дертін танып, оның жазылар жолы мен амалын нақ басып, дәл тауып, халықтың, ұлттың нағыз дәруішіне, дәрігеріне айналады. Абай айтқан емді халық болып, ел болып қабылдады, айыға алды, айығып жатыр. Замана желі айықтырды, қалай қиналса да, сол жолда жан беріп, жан алып, қан төгіп, аштан өліп, соғыста атылып, асылса да, әйтеуір түбі қайырлы болды, білім мен ғылымға жетті, ақылға сәуле құйылды.

Өлеңнің мазмұнына талдау жасай отырып, сөздің мәнін ашуға ұмтыламыз, тұлғалық сипатын анықтап, кейбірінің шығу тарихына да үңілуге мүмкіндік болады. Түркі тілдерінің табиғаты ерекше ғой! Кез келген сөздің мағынасы анық та, этимологиясы мен мұндалап ар жағынан қол бұлғағандай болады. Жалғамалылық табиғатына сай, түбірі өзгеріске аз ұшырағандықтан, түркі түбірлері өзінің қалпы мен мағыналық құрылымын өзге тілдермен салыстырғанда анағұрлым жақсы және анық сақтаған. Сондықтан да болар, мұра тілде сақталған мұрағат бар. Тек ашудың тәсілі мен амалын таба білуге білім мен білік қажет. Сөз тарихы Сізді мыңдаған жылдар тарихына үнсіз жетелейді, сөз болмысын тану ұлт болмысын танудың тылсымына әкеледі. Тек жетекке еруге білім мен төзім болса жеткілікті. Тілде адамның ішкі сезім дүниесі, іңкәрлігі, жалпы болмысы жатыр. Ал оның ар жағында халықтың дүниетаным жатады. Сонда бір өлең арқылы алдымен сөзбен, сөз тіркестерімен берілетін ой желісімен танысамыз, Сөз мағынасы арқылы оның тарихын барлаймыз, Сөз арқылы ақынның немесе жеке адамның тұлғасын, ішкі жан дүниесі мен болмысын, жүрек сезімінің куәсі боламыз да, осының негізінде ақынның артында тұрған ұлттың, елдің, халықтың бейнесін көріп, дүниетаныммен табысамыз. Сөз құдіретіне бас иген, бір ауыз сөзбен ердің құнын шешкен бабалар неткен көреген еді, десенші!

Тіл тек дыбыстардың жиынтығы немесе адам қызметінің көрінісі ғана емес. Тіл сөйлейді, сөзбен сыр айтады, тарихты шежірелейді, сезімді паш етеді, ел мен ел, ер мен ер арасындағы жанған дұшпандық отты сөндіреді, жаныңа

шуақ төгеді, көзіңнен жас мөлдіретеді, жүрегіңді «жуады» (Шаһкәрім), нұрландырады.

Ал данышпандардың жүрегін жарып шыққан поэзиядағы сөздің құдіреті тіпті ерен. Жаңағы Абай өлеңі «*Жүректе қайрат болмаса*» деп аталады. Жүрек пен қайрат ұғымдарын қатар қою арқылы олардың бағасын таразылап, танытып, пәлсапалық ой түйіп қана қоймайды ақын. Қазақи шындықтың қатып қалған қабаттарын ашып үңілтеді, жүрегіндегі шерін ақтарады. Шындықтың бетіне тура қарайды. Қорықпайды. Өйткені ол шындықтың артында елдің болашағы, келешектің үміті мен үлесі жатыр. Өлең астарында ұйықтаған ойды түрту бар. Ойы ұйықтап жатқан кім еді? Неліктен ұйықтап жатыр ол ой? деген сұрақтар қаумалай алға шығады. Ұйқының басуы білімнің жоқтығынан, сол - надандыққа итеретін. Сол екен. Ұйқыдағы ойды түртетін қайрат пен ақыл, ал ақылға сәуле түсуі қажет.

*Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын*

Қазақтың келістірер қай баласы? (Құнанбайұлы 2020/1: 21) – деп ақынның өзі айтқандай, өлеңдегі мән мен маңызды ой адам санасын жаңғыртады, ой салады. Өлең мазмұнындағы мән сіздің көңіліңізге сән береді, толқытады, тебірентеді, қайта ойлантады. Сөздер сөйлейді. Ақынның құдіреті сонда – сөзді сөйлетеді.

Тіл лебізде жанданады дедік. Демек, лебізді зерделеудің өзі жеткілікті ғой! Бір қарағанда осылай. Бірақ тек осымен қанағаттануға болмас. Тіл - лебіздің қоймасы. Қажетті сөзді ал да, сөйлеуде, лебізде қолдана бер. Лебізде ол өзінің алуан түрлі түсіне (color) еніп, ғажайып бір феномен туғызуға қабілетті. Оны әркім әртүрлі қолданады. Қолданушының бәрі ақын не жазушы емес. Қолданушының бәрі сөздің байыбын танып, пайымдап жатпайтыны тағы түсінікті. Филология ғылымдарының докторы, академик, ҚазҰУ-да талай жыл дәріс оқыған Зейнолла Қабдоловша бәріміз шешен сөйлей алмаймыз ғой. Неге олай емес деп бізді ешкім сөкпейді де. Лебіздегі сөздің көрінісінде субъект қатысады. Ал субъект қатысып, лебізге айналмаған тіл өледі. Алайда, тілдің мәні тек лебізде сөйленуімен аяқталмайды, сонымен басталады. «Тіл-қоймада» бәрі бар. Сөз бен сөз тұлғаларының барлық мағыналары, әр алуан түрлі тұлғалық ерекшеліктері мен байланыстары – сонда. Ал қолданыс және дұрыс қолданыс, қолданыстағы сөз мағынасының қабылдануы – лебізде! Тіл сөйлейді.

Ойыма Абай атаның «*Білімдіден шыққан сөз*» өлеңі оралады.

Ия, Абай данышпаннан айтылмаған сөз қалды ма?! Біз, Қазақ баласы, бақытты халықпыз! Өйткені бізде Абайдай алып тұлға ұлттық дүниетаным

көкжиегін кеңейтіп, әлемдік аренада сөйлейді. «Адамзаттың бәрі сүй, бауырым деп» дегенді де сол Абай айтты ғой. Жаңағы өлеңді қайта тыңдалық:

*Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз. (Құнанбайұлы 2020/1: 24)*

Сөз. Абай өлеңде қасиетті сөзге терең мән береді. Сөз білімдіден шығып, талаптыға кез болса, талапты жас тыңдап, бойына сіңірсе – сол құт. Сөздің нұры, сөздің сыры ... Сөз арқылы нұр мен сыр төгіледі дейді Абай дана. «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді халық білігі. Ырыс, береке – сөзде.

Адам баласының санасындағы сілкіністер мен санадағы сан ойларға келгенде, яки ойды басқаруға, ойды іркітуге, дамытуға, жаңаша ойлау арқылы жаңалықтарға баруға селкембіз. Ұлылық, мүмкін, ойды басқара алған, ойды қозғалтып ойлата алған адамдарға тән болар. Танылған, бәріне белгілі дүниені ойлау бар да, танылмаған, әлі болмыстың белгісіз белгілерін тануды ойлау бар.

Ой сан тарапқа қашып кетпей, тереңдесе, көп нәрсеге жетуге болар еді. Адам жақсыны да, жаманды да ойлайды. Ойға жамандық көп келе ме, әлде жақсылық көп келе ме? ... Ойдың көрінісі, бейнесі болатын Сөзде сол ой таңбаланып шыққанда, ол сіздің жасаған рухани материалдық игілігіңізге айналады. Жақсы ойдан шыққан жақсы сөз де Сіздің ісіңізге, болашағыңызға әсер етпей қоймайды. Сондықтан жақсы ойды ойлауға ұмтылып, жақсы сөз айту - жарым ырыс. Өлең жолындағы *білім, сөз, талап, кез, нұр, сыр, көз* сөздері жеке алғанда бір-біріне байланыссыз атаулар. Атаулар белгілі бір мағына береді. Ол атаулар күнделікті тұрмыста қолданып жүрген ұғымдардың белгісіне, қасиетіне қарай аталған. Ал өзінің ерекше мәніне тек Абай жазған өлең жолдарында ғана ие болады. Сөздің мәні өлең жолдарында ғана өз қуатында естіледі. Енді атауларға сәуле түсті, Лебізге айналды! Сөз құдірет тауып күшейді, арқаланды, көшелі сөзге айналды. Өркім оны тануға, түсінуге, түйсінуге ұмтылғаны мақұл. Сәулеленген Сөз «жүрегі - айна, көңілі – ояу» жандарға ұғынықты.

*Жүрегі - айна, көңілі - ояу,
Сөз тыңдамас ол баяу.
Өз өнері тұр таяу,
Ұқпасын ба сөзді тез? (Құнанбайұлы 2020/1: 24)*

Талапты ер – талантты. Сөз қадірін білуге ұмтылған жан, өзі де өнерге жақын. Сөз ұғар жастарға үндеу – бұл! Білімдіден шыққан сөзді меңгеруге, сөздің нұры мен сырын көруге үндеу! Бұл үндеудің өз тыңдаушысы, өз оқырманы бар. Ол көкірегін ояу, өнерге жақын тұратын, жөн сөзге мойын бұратын, білімдіден шыққан сөзді бағалар өрен. Ал:

*Әблет басқан елерме
Сөзге жуық келер ме?
Түзу сөзге сенер ме
Түзелмесін білген ез?* (Құнанбайұлы 2020/1: 25)

Ал, «ұйқылы-ояу бойкүйез» «ойлағаны - айт пен той, ыржаң-қылжаң ит мінез» сөз тыңдағансып, «айтшы-айтшылап» «ұққыш жансып шабынар», алайда шын көңілімен Сөзді ұға алмас. Бұл жолдар әр замандағы надандықтың келбетін кестелейді. Түзу сөзге сенбесе, сенуге бір көнбесе ез емей кім? Түзу сөзді қабылдамай, жөнге көнгісі келмейтін, сөзді түсініп, сеніп, бағаламайтын жандар аз ба?

Өлеңнің алғашқы жолдарына көңіл бөлейік:

Білімдіден шыққан сөз

Талаптыға болсын кез, - негізгі ой түйіні де, тұжырым да осы. Бұл – Абай бағалауы. Бағаланатын – тыңдаушы, субъект. Бағалау нысанасы (нысаны емес) – СӨЗ. Абай өзінің «*Сөзіне қарай кісіні ал, кісіге қарап сөз алма*» деген концептісінен таймайды, қайталайды, тереңдей түседі. Уақыт белгісіз, кеңістік көрінбейді. Демек, мұндай бағалау уақыт пен кеңістікке бағынбайтын болар. Ия, солай. Даналық уақытқа, кеңістікке бағынбайды. Бұл қазақ қоғамына ғана, немесе Абай заманына ғана тән өз заманына ғана қатысты әрекет емес. Бұл үндеу, білімге, оқуға, көргендікке шақыру үндеуі – ежелден келе жатқан тәмсіл. Қасиетті кітаптардың бәрінде оқы, біл сөздері қайталанатыны аян. Өлеңнің атының осылай аталуы да білімге, оқуға шақыруды танытады, анықтай түседі. Абай үндеуі – сөзді ұғуға, сөз мәнін түсінуге, тереңіне барлауға арналған. Абай данышпанның Қазақ сөзін аспандатып, Сөздің киесін танытты.

Қадыр Мырза Әлінің мына өлеңіне назар аударалық:

*Жыр составын жүйткітіп жүргізе алмай,
Шабыттың да қолтығы тұр қыза алмай.
Сен тугыздың, ұлы Абай, жүз ақынды,
Жүз ақын жүр өзіңді тугыза алмай.
Уақыт болса зымырап өтіп жатыр,
Шыдамды да шетінен кетіп жатыр.
Күні киген кемеңгер өзің гана,
Макинтошты мигұла жетіп жатыр!* (2011: 24).

Жақсы айтылған. ХХ ғасырда кеңес мектебіне бармаған, көзі ашық емес қазақ болмады. Жеті жастан мектепке барып, әріп танып, қандай болса да оқығанымыз рас. Бірақ мәселе «Нені оқытты? Нені оқыдық?» дегенге келгенде күмілжитініміз тағы рас... Қадір ақын бағалағандай, жүз ақынды туғызған Ұлы Абайды жүз ақын тани алмай жүрсе, бұл сөз әлеміндегі қасірет емес пе?

«Макинтошты миғұлалар» тіркесі бүгінгінің түкке тұрғысыз екенін, Сөзге қосылған жаңалық ойдың жоқтығын паш етер болар. Кеменгерлік ақылмен, сөздегі асыл оймен байланысты. Күпі киюі қазақ баласының өзіндік ерекше болмысы, өзіндік дүниетанымын анықтар тұс деп қабылдайық.

Өлеңдегі барлық етістіктер нақ осы шақ («өтіп жатыр», «кетіп жатыр», «жетіп жатыр!») пен ауыспалы осы шақта («жүргізе алмай», «қыза алмай», «туғыза алмай») тұр да, тек «Сен туғыздың, ұлы Абай, жүз ақынды» деген тіркестегі «туғыздың» тұлғасы жедел өткен шақ формасын еншілеген. Кездейсоқтық па? Әрине жоқ! Қадірлі Қадір ақынның мықтылығы! Қазақы ойдан туындаған қасиетті тіл қашанда тұлғаланып, Патша Сөзге айналғанда, осылайша, жаңылмай, жасқанбай шығады. «Туғыздың» тұлғасы өткен шақта тұрғанымен, келмеске кеткен өткенді емес, бүгінді және болашаққа шашу шашқан жарқын келешекті, жүз ақынды туғызған ұлылықты, кеменгерлікті көрсетеді. «Туғыздың» етістігі арқылы берілген сүбелі ой үмітке орын қалдырады. Жүз ақын Абайды туғыза алмай жүргенімен, Абай туғызған жүз ақынның сөзі бар ғой! Демек, қазір «шабыттың да қолтығы тұр қыза алмай» «макинтошты миғұлалар» жетіп жатқанымен үмітсіздікке орын жоқ. Жақсы СӨЗ! Бастысы, сөздің контекстегі мағынасы, Ойдың бүтіндігі.

Мәтінді коммуникативтік бірлік ретінде зерделеудің ең басты өзектілігі оның бүтіндік сипатын көрсету деп ойлаймыз. Сөз басында айта кететін жайт, мектепке арналған қазақ тілі мен қазақ әдебиеті оқулықтары мен хрестоматияларда романның үзінді беріп, өлеңдерді үзіп-жұлып беріп жатамыз. Тегінде, үзінді беріп үздіктірмей-ақ, шығармашылығынан сыр тарту үшін шағын әңгімелерін, өлеңдерін толық беру мақұл ма деймін. Әсіресе қазақ тілі оқулығын жазғыштар тілдік тұлғаға сәйкес келтіру үшін мысал қуып, Абайдың бір өлеңін он бөліп, әр жерінен бір «үзіп» беріп жатады. Мәтінді беру сән үшін немесе бет толтыру үшін емес, мән үшін, сөз арқылы берілетін ойды түсіндіру, ойланту үшін болса керек. Аз үзіндіде ой үзіледі, үзік ой өзінің бүтіндігінен айрылып, жарым болып қалады да, оқушысын ойланта алмайды, қызықтырмайды. Бүгінгі көркем әдебиет оқытындардың санының соншалықты күрт азаюының бір себебі үзінділерде бүтін бітімінен ажырап, толық ойынан үзіліп қалған жарым шығармаларды хрестоматиялардан ғана оқуымыздан болуы да ықтимал. Яки теорияда жасалған тұжырымдарымыз үнемі тәжірибеде қолданылмай, қолданысқа жетпей жататыны кім-кімге де жаңалық емес. Мәтіннің басты қасиеті де, ондағы мәннің танылуы, түсінілуі де – ең алдымен, бүтіндікке келіп тіреледі. Лебіздік бірлік ретіндегі мәтіннің басты ерекшелігі де – бүтіндігі. Демек, оның негізгі ерекшелігінен – бүтіндігінен айырып, логикалық құрылымына нұқсан келтіріп, құрылымдық-семантикалық параметрлерін өзгертіп, жарымжан мәтінді оқырманға ұсыну – қателік.

XX ғасырдың басындағы, ортасындағы тіл білімі ғалымдары мәтіндерді қалай пайдаланғандығына, дағдылану жұмыстарына қандай

мәтіндерді ұсынғанына ерекше назар аударып, сабақ алар уақыт келгендей. Қазақ тіл білімінің негізін салған ғалым А. Байтұрсынұлы мен С. Аманжоловтың қазақ тілі оқулықтарында дағдыландыруға берген жаттығулары мен мәтіндерінің ерекшелігіне көңіл бөлу ғана емес, үйреніп, өзіміздің жарымжан, шала «білгіштігімізден» арылатын уақыт жетті. Шынында да, мәтіннің құрылымдық-мәндік параметрлері бір-бірімен тығыз байланыста болу арқылы негізгі өзекмәнді ашады, сондықтан мәтіннің бүтіндігі оның түсінігінің толықтығының да кепілі.

Мәтіндегі мән мен мағынаны түсіну үшін мынадай прагматикалық жағдаяттар есте болуы керек:

- мәтіннің толықтығы мен бүтіндігінің сақталуы;
- мәтін ішіндегі сөздердің мағыналық құрылымының түсініктілігі;
- контекстік мағынаның анықталуы және тілдік тұлғаның қолданысындағы сөз мағынасының ерекше мәнінің зерделенуі;
- қолданыстағы сөздің оқушы (оқырман) түсінігі арқылы қабылдану деңгейі.

Атаудың жаңа мағынасының жасалуы тек таза прагматиканың ғана емес, сондай-ақ, әрине, когнитивтік, яки танымдық әрекеттердің де жемісі. Жаңа танымдық деректі белгілеу, ең алдымен, кісінің танымдық қызметімен тікелей байланысты. Г. Брекленің атап көрсеткеніндей, жаңа лексикалық бірліктер алдын ала жоспарлауға байланысты емес, жаңа коммуникативтік қажетті талаптарды орындау мақсатында жасалады (Пирс 2000: 68-77).

Абай өлеңдерінде халықтық танымдық уәжге негізделген авторлық жаңа қолданыстағы атаулардың мағыналары түсінікті. Өйткені ежелден қалыптасып, өзіндік семантикалық кодқа ие болған қазақ сөзінің түбірінен туындаған кез келген туынды сөз әуелгі архимағынасына негізделіп, уәжделіп тұратындықтан, оның кейінгі туынды мағыналары да, контекстік семантикалық өзгешеліктен туындаған окказионалды мағыналары да лебіздің түсінікті болуын толығымен қамтамасыз ете алады. Анық ой төл сөзбен өрнектелгенде, контексте сөз қандай мәнге ие болса да, әуелгі тектілігінен ажырамай, генетикалық кодты сақтай дамиды да, сол мағынасы бойынша уәжделген күйінде ерекше семаға негіз болады. Сөйтіп, меканшақта (Б. Майтанов терім сөзі) ойдағы сигнал мәнді іздей отырып, мәнді анықтайтын мағыналы атауды табады, мағыналы атау лебізге сай өзгеріске түсіп, әртүрлі контекстік мағынада дамып, лебізде әр алуан мағыналық құрылымда көрінеді (Барт 1989: 327). Мәселенки, Абай данышпанның *«Буынсыз тілің»* атты өлеңін талдап көрелік:

*Буынсыз тілің,
Буулы сөзің,
Әсерлі адам ұғлына.
Кісінің сөзін
Ұққыш-ақ өзің,
Қисығын түзеп туғрыға.
Сезімпаз көңіл
Жылы жүрек.
Таппадым деп түңілмес.
Бір тәуір дос
Тым-ақ керек,
Ойы мен тілі бөлінбес. (Құнанбайұлы 2020/1: 47)*

Мәтінді үзбей, толық береміз. Бұл біз үшін принципті мәселе деп пайымдаңыз. Мәтіндегі «буулы сөз», «сезімпаз көңіл», «жылы жүрек» тіркестеріндегі буулы, сезімпаз (әсемпазбен салыстыруға болады), жылы сөздерінің мағыналары халықтық жалпы қолданыстағы мағына арқылы уәждеде жұмсалып, жаңа семантикалық мән алады. Авторлық таным мен прагматика сөздердің осы қолданысы арқылы жаңа мағына ұсынып, оның таңбалық сипатын атау сөздердің ауыс мағыналары арқылы бейнелеуді қалайды. «Буынсыз тіл» қолданысы тілімізде бар. Халық қолданысында «тілде буын жоқ» деген мәтел бар. Ал «буулы сөз» Абай тілінде бірінші рет жұмсалып, жеке сема арқалап, сөз мағынасы жаңаша түрленеді. Сөздің әуелгі мағынасына жаңа когнитивтік мән жамалды, яки белгілі бір объективті заттың (жіптің, арқаның) буылуы бар да, «сөздің буылуы» бар болатындай, абстрактілі мән себіліп, сөз мағынасы метафоралық сипатқа ие болып, екіге жіктелді. Тыңдаушы немесе оқушы жадында бұрыннан сақталған канондық код бұл референтті белгілі нысанға қатысты таниды да, сол арқылы екінші мағынасын уәждеп, семантикалық код арқылы «буулы сөз» мағынасын нақты да толық анықтап түсіне алады.

«Сезім» атауы арқылы уәждеделген «сезімпаз» сөзінің де мағынасын осылайша әдіптеуге болады. Қазіргі тілдік қолданысқа «сезімтал» ретінде енген тұлғаның бір дублетті қалпы ретінде парадигмалық қатар құрап, авторлық қолданыста тұр.

Абай қолданысындағы сөздердің мағыналық дамуы тілдік тұлғаның ішкі таным дүниесіндегі нақты ойдың көрінісі ретінде анықталады. Сөз мағынасындағы өзгеріс тілдік тұлғаның сол сәттегі эмоциялық көңіл-күйімен де тікелей байланысты болып, прагматикалық параметрлердің жүзеге асуына мүмкіндік туғызады. Осы реттен де, сөз мағынасының өзгеруі мен жаңаруында прагматика когнициямен іштей қабысып жатады. Сөз мағынасының айқын түсінікті болуы контекстке байланысты. Мысалы:

*Буынсыз тілің,
Буулы сөзің,
Әсерлі адам ұғлына.*

Бұл шумақтағы «буулы сөз» тіркесінің мағынасы «түйінді сөз» мағынасында жұмсалған, оны осы тіркестен кейін келетін «әсерлі адам ұғлына» пропозициясын айқындай түсіп, лебіз мәнін аша түседі. Прагматикалық зерттеулерде көп айтылатын контекстің құдіреті де, қасиеті де осында жатыр. Ол әр сөздің қай мағынада қолданып тұрғанын нақтылап, бір сөз екінші сөзді сәулелендіріп, оның мағынасына жарық түсіріп тұрады. Оқырманға әсер ететін «буулы сөзін» яғни түйіндеп, тұжырымдап айтылған «сөзін» мен «буынсыз тілің».

Прагматизм тұжырымдамасының негізін америкалық философ Чарльз Пирс (1839–1914) қалаған-ды. Өзі математик, өзі астроном, өзі химик ретінде есімін тарихқа жазған ұлы ғалымның көзі тірісінде жарияланбаған символикалық логикаға, философияға қатысты зерттеулері кейін белгілі болып, батыстық ғылымда жақсы бағаланды да, прагматизмнің негізін қалаушы ретінде танылды. Ч. Пирс прагматизм бағытының бағдарламасын жасап, осы терімсөзді өзі ұсынып, жүйеге салған. Пирстің тануынша, прагматизм «лаборатория рухы» болуы керек те, кез келген ғалым өзі жасаған ғылыми ізденісін шындық өмірмен байланыстыруы қажет. Өзі жасаған ғылымын өмірмен байланыстырған ғалымдар ретінде Кантты, Берклиді, философ ғалым Спинозаны атайды (Барт 1989: 448).

Чарльз Пирстің логикалық зерттеулерінде семиотика ілімінің де негізі қаланған. Семиотика тарихын зерттеуші ғалымдар Ч.С. Пирс, Ф. де Соссюр және Ч. Морристі осы саланың алғашқы негізін салушылар ретінде санайды. Ч. Пирс иконалардағы символдардың мәнін шындық болмыспен байланыстыра зерттеген де, ұғымның терең мазмұнына үңілген. Ол сөйлем құрылымын талдау барысында қазіргі ғылымда жиі қолданатын «субъект», «предикат», «байланыстырушы тұлғалар» терімсөздерін алғаш қолданған да, байланыстырушы тұлғалар арқылы берілетін қарама-қарсылық мәнді анықтаған (Пирс 2000: 216). Қалай болғанда да жазған-сызған дүниенің қағаз бетінде шимай болып қалмай, елдің бір кәдесіне жарағанына не жетсін. Абайдың ғылыми бағытымен, жолымен алға жылжысақ, ой анық, сөз нақты болғаны жөн. Анықтық пен нақтылық Абай өлеңдеріне толықтық, бүтіндік береді. Ал бүтіндік ішкі гармонияны құрап, ұлылыққа жеткізеді.

Ой анықтығы мен ойлаудың туралығы өзіміздің күнделікті ісімізден, тәжірибемізден де көрінісін тауып жатуы басты қажеттілік. Сонда ғана шығармашылық ізденіс тереңдеп, гармонияға ұласады.

*Бір тәуір дос
Тым-ақ керек,
Ойы мен тілі бөлінбес.*

Жоғарыда талданған Абай өлеңінің соңғы шумағы. Тұнық та түзу ой! Анық сөз! Нақты шешім! Сондықтан өлеңнің ішкі гармониясы, ішкі үндестігі оқырманын баурайды да, баулиды. «Ойы мен тілі бөлінбес» концептісінің ар жағында америкалық ғалым Пирс ұсынған ізденістің шындық өмірмен байланысу прагматикасы жатыр.

Баламалық динамикасы теориясының негізін қалаушы, америкалық ғалым Юджин Найда (кей зерттеулерде Ю. Найды деп атайды) жаңа сөз жасаған немесе сөзге жаңа мағына берген адамды жеке тұлға болуға және сонылыққа ұмтылушы кісі ретінде бағалаған (Лотман 1970: 10).

Мүмкін. Бұл пікірмен толық келісуге болады, өйткені кез келген адам сөздің мағынасын дамытып, жаңа мән бере қолдана алмайтыны түсінікті.

Абай сөзінің қолданыс мәнін талдай түсіндіретіндер, халыққа жеткізетіндер, сол арқылы тәрбиелейтіндер де, негізінен, мектеп мұғалімдері мен университет оқытушылары, ақпарат құралдарындағы журналистер. Тілді жетік білетін оқырман мен әдеби тілді толық меңгермеген оқырман арасындағы айырмашылықты да ескеру орынды. Тілдік тұлғаның мәтіндегі сөз қолдану ерекшеліктерін терең меңгере отырып, түсіндіру бар да, өзі білмейтін нәрсенің мәніне жете алмай айтуға ұмтылу тағы бар. Ақын соншалықты айқын да анық ой өрімін өргенімен, оның түсінігі әртүрлі болып жататынына кейде бойымыз үйреніп алатыны бар. Сондықтан Абай өлеңдерін түсіндіргенде, «Қара сөздерінің» шылбырына жармасып, оқыту барысында абайлау мақұл болмақ.

Абай сынды біртуар тілдік тұлғаның сөзін өзі түсінгендей түсіну, түсіндіру мүмкін болмаса да, «болмасаң да ұқсап бағып», қазақтың патша сөзінің иесі жазған әрбір мағыналы атауға жіті мән беріп, жиі қайталап, жігін бұзбай, жүреппен жаттап, көңілге мәнін түйіп алу үшін мынадай шарттардың орындалғаны мақұл деп есептейміз. Біздің пайымдауымызша, ол мынадай бағытта орындалуы тиіс:

- өлең мәтінін толық оқып шығып, зерделеу, ұғыну;
- мәтіндегі танымдық мәнді тануға ұмтылу;
- мәтіндегі өзекмәнді бағалау;
- мәтіндегі басты жаңалық пен бағалауды қабылдау.

Мәтіннің ең басты қызметі ақпарат беру мен байланыс жасау құралы болғандықтан, ондағы сөздің нақты жұмсалуды мен мәні ерекше маңызды.

Жұмсалы ерекшелігі және мән – мәтіннің басты сипатын анықтайтын негізгі белгі. Сондықтан мәтіннің қандай сипатта жазылғанына, қандай ақпарат беруге арналғанына көңіл бөле отырып, жазылу типі мен стиліне, ойдың ішкі мәнінің берілу үлгісіне үңілу қажет.

Лебіздің қызметтік-мәндік үлгісі берілетін ақпараттың мазмұнын анықтау үшін қажет. Мәтінде берілетін ақпарат әртүрлі болады. Оның сипатын біз былайша көрсетер едік:

- эмпирикалық-танымдық ақпарат, яғни нақты тәжірибе жүзінде дәлелденген, автордың ел өмірінде болған нақты оқиғалардан кейін көзі жеткен шындықты нақты деректер арқылы таңбалауы;
- концептуалдық ақпарат, танымның теориялық деңгейіне сәйкес келеді; тілдік тұлғаның ішкі таным дүниесінде тербелген терең ойдың көрінісі ретіне болжамдық сипатта жасалады;
- әдістемелік ақпарат, өмірден алынған тәжірибені меңгерудің, игерудің нақты жолдары мен тәсілдерін байыпты түрде бейнелеу, анықтай көрсету;
- эстетикалық ақпарат, тіршілік мәнін танытудың көрнекті жолдарының бірі, бағалаудың мәнін, адамгершілік мен этикалық негіздерді, эмоциялық процестерді танытудың негізгі жүйесі шоғырланады;
- нұсқаулық ақпарат, белгілі әрекетке бағдарланған, адами қасиеттерді шыңдауға, жетілуге, толық (бүтін) адами келбетке жетуге үндейтін ақпараттың түрі (Майтанов 2013: 7).

Бұл ақпарат түрлері әр түрлі мәтін ішінде бөлек те, араласып бірге де келе беруі мүмкін, алайда ақпараттың нақты сипатын танытатын мәтін типтері де бар. Мәселен, ғылыми мәтіндер нақты дерекке негізделіп, теориялық және болжамдық ақпараттар беруге икемді болса, кей деректерді көрсете отырып, эстетикалық тәрбиелеу көркем мәтіндерге тән, әдістемелік ақпараттар басқа мәтіндерден гөрі оқулықтар мен оқу құралдарының негізгі жүйелік сипатын анықтаса, газет-журнал беттеріндегі көсемсөз материалдары бағалауға, дүниетанымдық деректерді беру мүмкіндігіне ие. Тәжірибеде дәлелденген дүниелерді халыққа жариялап, эмпирикалық ақпараттарды тарату және танымдық деңгейдегі қисындарды жеткізу мәтіндердің жалпы ерекшеліктерінің бірі ретінде қарастырылады. Типтердің әрқайсы да әртүрлі сипатта лебіздің қызметтік-мәндік үлгісін жүзеге асырады. Лебіздің қызметтік-мәндік үлгісі ақпараттарды негіздеп, жүйелеп, деректерді тыңдаушыға жеткізудің әр түрлі сипатын анықтайды.

Көркем шығармалар тіліне жалаң деректерді көрсету тән емес, негізінен ақпараттар жүйелі, уәжді болып, эстетикалық талғаммен, дәстүрлі

тағылыммен, эстетикалық-когнитивтік байламмен келеді. Мұндайда әрекеттерді салыстыру, салғастыру, бір-біріне қарама-қарсы қою, тілдік тұлғаның өз тезисінің дәлелдемелері мен шешімі, тұжырымдары белгілі бір модельмен беріледі. Ойымызды нақтылау үшін бірнеше мысалдар келтірелік:

Абайдың бірінші Қара сөзінен:

«Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.

Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмайтұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз гана өмірімді қор қылар жайым жоқ.

Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік.

Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күніңде бір тыныштық жоқ, осы елге, осы жерде не қылған софылық?

Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпенен керерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам? Оны да ермек қыла алмадым.

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» (Құнанбайұлы 2020/2: 3-4).

Бірінші абзацта мекеншақ ұғымы негізінде автор ойын бірден жұптап, өткен тіршілік-ғұмыр туралы ойын салыстыру мен қарама-қарсы қою арқылы

жинақтай отырып, пікір білдіреді (Лотман 1970: 12). Болашаққа жоспар құруды ойланады. Мәтіннің эп деп басталуының өзінде ішкі қызметтік-мәндік үлгі сақталады. Келесі үзіндіде ойдың логикалық жалғасы жатыр. Болашақта қандай мақсатты әрекеттер жасағанда мәнді болатыны автор үшін аса маңызды: *ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, дін бағу, бала бағу*. Әрбіріне ойша талдау жасай келе, ешбірінен тұрлау таппайды, ұшқыр көңіл бұлардан тиянақ таба алмайды. Модаль сөздер мен болымсыздық тұлғалары арқылы ой-толғам таңбаланып, күрт кесіліп, шешім шығарылып отырады. «Жоқ, елге бағым жоқ», «жоқ, баға алмаймын» сияқты тұлғалармен келген ой толқынында авторға ешкім қарсы дау айта алмайды. Дауға, сөз таластыруға орын жоқ. Өз ойына сенімді, сондықтан жұмсалған сөз қолданыстарында кесімді мәнді тіркестер жұмсалады. Полемикасыз. Шешім – осы. Енді не істеу керек? Автордың алдына қойған өз әрекет-жоспары мен байламы бар. Ол айнымайды, атылған оқтай мығым айтылған сөз, нақты тұжырымды пікір: *«Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ»*. Әрбір сөз бен әрбір грамматикалық форманың қолданысынан осыны аңғару қиын емес. Сөйлемдердің предикаттарына назар аударалық. Бірінші сөйлемде «ойладым» тұлғасы жедел өткен шақ тұлғасында тұр да, әрекеттің қазір ғана аяқталған мекеншағынан айқын ақпарат береді. Келесі баяндауыш *-айын, -ейін* тұлғаларымен тіркесіп, әрекеттің болашақта болатынын қалау мағынасын таңбаласа, *сөз тапса, десе* т.б. тұлғалары жұптасып келіп, шарттық мағынаны қалыптастырып, ойдың жалғасын сипаттайды. Сөйлемнің соңына қарай ой да тиянақталуға жақындап, тілдік тұлғаның бекіген шешімін тағы да жедел өткен шақ тұлғасымен таңбалайды: *«дедім», «байладым»*. Байқап қарасақ, мұнда да әрекет нақты, шешім байсалды да, салмақты. Ал сөйлем соңы мұнымен ғана бітпейді, соңғы предикат модаль сөзбен көмкеріліп, ойдың болашақпен жалғасатынын хабардар етеді. Авторлық пайымдаудың тілдік таңбалануы, шынында да, үлгілік сипатта жазылғаны анық. Ой – айқын, шешім – нақты, сөз – анық. Екіұшты пікір немесе түсініксіздік туғызатын тұлға мұнда жоқ.

Лебіздің қызметтік-мәндік үлгісінде ғалымдар анықтау мен түсінік беруді бөліп қарастырады. Бұл да, әрине, көбінесе, мәтіннің сипатымен тікелей байланысты болып келеді. Мәселен, белгілі бір жағдайды немесе қисынды, қағиданы анықтау, оған түсінік беру анықтамалық сөздіктерге, жалпы әр түрлі анықтамалықтарға, оқу-әдістемелік құралдар тіліне қатысты айтылады. Осындай түсінік беру Абай Қара сөзінде де ұшырасады. Жетінші сөзде: *«Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған*

қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жылса да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Әзелде құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екенбіз?» (Құнанбайұлы 2020/2: 28).

«Қара сөздегі» мәтіндерде мұндай пайымдаулар мол әрі олардың мазмұны тұжырымды ойға, түйінді пікірге, авторлық дәлелдемелерге толы. Мұндай лебездің қызметтік-мәндік үлгісі ғылыми зерттеуге тән, мақсаты анық, өзінің бағдарлы оқушысы бар. Автордың зерттеу нысаны адам, адамның туғандағы басты саналы әрекеттерінің негізі анықталып (жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады), адам болудың жолын нұсқайды. Адам баласының өзге хайуаннан өзгешелігі БІЛУ-ге ұмтылуымен, білімге талаптануымен, білімімен ерекшеленуімен (*Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды*) байланысты екенін жазады.

«Қара сөздерді» ақыл сөздер деп бағалап, оның стилін ғылыми-әдістемелік деп есептеуге толық негіз бар. Мәтіннің грамматикалық құрылымы мен семантикалық сипаты, қызметтік-мәндік үлгісі осындай тұжырым жасауға алып келеді. Мәтінде ерекше мақсат бар, алдын ала тілдік тұлғаның өзінің жасаған байламы бар, осы мақсат негізінде жазылған шығарманың нұсқаулық, әдістемелік сипаты басым. Әрбір сөздегі ұлттық дүниетанымға негізделген, ғылыми жүйелі ойды басшылыққа алу мақұл.

Күні бүгінге дейін мұндай стильде жазылған шығармалар кездесе қоймағандықтан, «Қара сөздің» стилін анықтауда әр түрлі ғылыми пікірлер бар екені белгілі. Қалай десек те, мәтіннің прагматикалық сипаты басым. Қазіргі ғылым үдерісі ұсынып жүрген стандартқа сәйкес келмейтін мұндай мәтіндердің өзіндік сипатын, біз, авторлық мақсаттың прагматикаға негізделуінен, көңілінде жүрген оқырман қауымға керек нұсқаулықты оқырман қажеттілігіне сай етіп жазудан, терең ізденуден туған ерекшелік деп бағалар едік. Абайдың «Қара сөздерінен» Ч. Пирстің бағамдауын аңғарамыз.

«Лаборатория рухы» – жазылған зерттеудің шындық өмірмен байланысы, демек, қандай да бір жазылған ғылыми еңбек не көркем шығармадан оқушы өз керегін тауып алса, тірлігінің бір керегіне жаратып, рухани дүниесін кеңейте түссе, сол мақұл болмақ. Еш пенде оқымайтын, түсініксіз терімсөздерді қаптатып жасалған ғылыми зерттеуден гөрі, ел-жұртқа түсінікті тілмен, адамды өз тіршілігінен мән іздеуге талаптандырып, оны байыта түспекке ұмтылдырса, рухани тірек іздеуіне сеп болса, жазылған дүниенің ғұмырының ұзақтығы осы болмақ. Жасымыздың да, жасамысымыздың да Абайды оқи беруіміздің басты себебі, мүмкін, осы прагматизмді, яғни қажетті, пайдалы нәрсені іздеп табуымыздан болар. *«Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді»* (Құнанбайұлы 2020/3: 29) – байқасақ, өзімізге таныс көрініс екен. Таныс сурет, таныс көрініс, таныс болғандықтан жақын, жақын болған соң, қызығамыз, ары қарай оқимыз. Таныс көріністі беру арқылы қызығушылық туғызып алу – автордың өзіндік әдісі. Баланың жан құмарлығын суреттеу арқылы зейініңізді толық аударып, оны тереңдете түседі, *«ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына»* қарай бағыттайды. Мұншама таныс көріністі қандай да ғылыми-әдістемелік зерттеуден кездестіре аламыз ба екен. Мәтіннен айқын коммуникативтік модельді, тілдік тұлғаның жеке жазу мәнерін табамыз.

Стандартпен жазылған мәтіндер көп-ақ. Ондағы мәтіннің жазылу ырғағы алдын ала анықталған, тіпті айтайын деген ишарасын де біреп сөйлемді оқыған соң түсіне аламыз. Лебіздің қызметтік-мәндік үлгісінде олардың да өзіндік орны бар екені рас. Ал біз талдап отырған «Қара сөзде» пайымдау да, пікірлесу де, түсіндіру де, тұжырым да бар. Бұл – өзінше ерекше ремалық сыңарлардың формасынан тұратын синкретті дүние.

Кез келген мәтінде мәтіннің типі таза қалпында сақталады деу бекершілік. Мәтінде суреттеу де, хабарлау да, пайымдау да араласып келіп, күрделі аралас типті құрайды. Суреттеу мен хабарлау бір-бірімен араласып келіп, әр түрлі ремалық доминанттар арқылы көрінеді. Мұның қай-қайсы болса да, лебіздегі ақпарат мазмұнына байланысты. Мазмұндаудың тәсілі ақпарат мазмұнына сәйкестендіріліп, мекеншақ бойынша жүйеленіп беріледі.

Көркем мәтінге құрылымдық талдау семиотикалық тіл білімінің зерттеу нысаны ретінде қарастырылады, мұнда сөзге басты назар аударылып, сөздің тақырып атауындағы, сюжет пен шығарманың идеясын туғызудағы қызметі зерделенеді. Сөздің сан қырлы мүмкіндіктері мен мәтіндегі мағыналық даму жағдайлары туралы жазылған ғылыми зерттеулер баршылық.

Түркілік төл түбірлердің кең де ауқымды мағынасынан таралатын атаулардың қай-қайсы болса да, көп мағыналы, көп қырлы болып келетіні рас. Халықтық кең қолданыста бір сөздің әлденеше мағынасы болатыны әрі оның әртүрлі түсінігі мен ассоциация туғызу қабілеті барлығы белгілі. Ал көркем шығармада, әсіресе поэзия тілінде ол ерекше сипатта көркемдік мәнде қолданылып, құлпыра, айшықтала түседі.

Постмодернистік ұстаным негізінде семиологиялық зерттеулер жүргізген ғалым Р. Барт шығарма мен мәтінді бөлек қарастырады. «Шығарманың авторы болады, онда белгілі бір уақыттың ерекшелігі бар және автордың жеке танымынан шығады. Шығарма кітап сөрелерінде сақталады. Ал мәтінді жабық кеңістікке сала алмайсың. Шығарма – тек көлеңке, оған тек мән мен контексті түсіне алатын оқушының ғана қолы жетеді. Мұндай мәтін авторын жоғалтады да, есесіне оқушысын табады», – деп пайымдайды француз философы әрі лингвист ғалымы (Барт 1989: 616).

Сөздің мағыналық мүмкіндіктерінің көрінетін, мағыналық иірімдерге ие болатын жері – мәтін іші, контекст. Қолданыс барысында сөздің осы мағыналық қырын танытайын деп ешкім әдейі ойланбасы тағы да белгілі. Ойдың көрінісін таңбалаудағы терең ізденістердің нәтижесінде санада сараланатын көркемдік шешімнің көрінісі болып сөзбен бейнелеген көрікті ойдың көркем бейнесі кестелену процесінде (үдерісінде) сөз мағынасының ішкі құрылымындағы өзгерістер ашылып, жаңадан сәулелі сөздің жаңа мағыналық қыры айқындалады. Көркем шығармада сөздің мағынасы сөзжасамдық ұядағы өзексемадан ауытқымай, ортақ семаны сақтай өзгереді, дамиды. Осының нәтижесінде сөздің тектілігі бұзылмай, уәжділігі сақталып, әр сөз өзінің әуелгі семасының бөлшегін сақтау арқылы түркі сөзінің тектілігін өз бойында дамытады. Бұрынғы ғылыми зерттеулерімізде арнайы дәлелдеп көрсеткеніміздей, бұл – түркі сөзінің тектілік қасиеті, феномендік үлгісі.

*Буынсыз тілің,
Буулы сөзің,
Әсерлі адам ұғлына.
Кісінің сөзін
Ұққыш-ақ өзің,*

Қисығын түзеп тугрыға. (Құнанбайұлы 2020/1: 81) – деген өлең жолдарындағы жоғарыда талданған «буулы» сөзінің мағынасы мәтінде «тұжырымды», «түйінді» болып жұмсалғанымен, ол өзінің әуелгі негізгі семасынан мүлде ауытқымай оны шеткей өрісте сақтайды да, контексте «түйін» мағынасы арқылы уәждеделіп, оны негізгі сема сипатында таңбалайды. Әуелгі «бу» – белгілі «нысанның буылуы» мағынасы арқылы уәждеделетін ортақ сема осы түбірден таралатын кез келген туынды сөз мағынасында болады. Мәтінде ақын ойының экспрессиясын таныту мақсатында сөздің шеткері

семасында жатқан мағынаны тереңдетіп, оны алғы шепке алып шығады да, эстетикалық талғаммен семантикалық ұяда жаңа семалы тұлға туғызады.

Көркем шығарма құрылымын зерттеген Ю. М. Лотман оны «өнер тілі» ретінде бөліп қарастырып, «өнер тілінің өзінің ерекше тілі бар» екенін айта келіп, көркем әдеби тіл ұлттық табиғи тілдің қызметтік-семантикалық ерекше мәнді қабаты екенін көрсетеді: «Художественная литература говорит на особом языке, который надстраивается над естественным языком как вторичная система. Поэтому ее определяют как вторичную моделирующую систему», – деп жазады (Лотман 1970: 11-14).

Ю. М. Лотманның «кез келген көркем мәтін бірегей» деген пікірімен де келісуге болады, өйткені ғалымның дәлелдеуінше, «созданная писателем окказиональная структура модели навязывается читателю уже как язык его сознания. Окказиональность заменяется универсальностью. Но дело не только в этом. «Уникальный» знак оказывается «собранным» из типовых элементов и на определенном уровне «читается» по традиционным правилам. Всякое новаторское произведение строится из традиционного материала. Если текст не поддерживает памяти о традиционном построении, его новаторство перестает восприниматься» (Лотман 1970: 11-14). Айналып келгенде, тосын (окказионалды) қолданыстың өзі ұлттық тілдік қабаттағы сөздер мен сөз тұлғалардан жасалатыны, бірегей, соны деп танылған құбылыстың да қолданыстағы құралы сол ұлттық тіл екені анық. Демек, көркем мәтін – тілдік бірліктердің құралдық қызметі арқылы жасалып, лебіздің жетілген, дамыған, ішкі жүйесі мен желісі бар бір түрі ретінде анықталып, бүтін бітімімен, ішкі мәндік гармониясымен, өзекмәнімен ерекшеленеді.

Поэтикалық шығарманың мәтініне синтаксистік бірліктердің өз орнында жұмсалып, синтагматикалық қатарды сақтап, сөйлем мүшелерінің қалыпты орнында жұмсалуды міндетті емес, мұндағы басты нәрсе – ұйқас, ритм мен рифм. Өлеңдегі мазмұнды біріктіруші МӘН, ал мазмұнды құраушы бірліктер – өлең жолдары, шумақтар. Өлең жолдарындағы сөйлемнің құрылысы да өзгеше, оны прозалық шығармалармен салыстыру да қиын. Егер прозалық шығармаларда, әр сөйлем мүшесінің өзінің орны мен сөз тіркесінің валенттілігі сақталатын заң болса, мұндай тілдік заңдылықтарға өлең табиғаты бағынбайды. Абай айтқан Өлеңнің патшалық қасиетінің бір қыры, осында, бәлкім. Өлеңдегі өлшем бөлек, рифм ерекше. Ой ағыны – арынды, тоқтаусыз өзендей, өлеңде өр мінез бар. Мінезі жоқ өлең, өлең емес, сөздердің бос жиынтығы.

Қазақ әдебиетінде өлеңге бергісіз көркем проза тілімен жазылған, ғажайып өлшем мен ритмге сәйкес келетін, ішкі өзекмәні көңіл толқытып, тереңге жетелейтін шығармалар да аз емес. Бір ғана Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілегінің» өзі қайда жатыр? Десек те, проза мен поэзия тілі мәтін

ыңғайында келгенде бір-біріне оппозицияда тұратыны рас. Өлеңдегі еркіндік, еріктілік қазақтың еркін болмысына жақын. Әйтпесе Қасым ақын мынадай өлең жолдарын жазар ма еді:

*Мен – табиғат бөбегі,
Еркін жанмын еркемін.
Аузымда жастық өлеңі,
Еркелеп күйім шертемін.
Жарқ-жұрқ етіп жүруді
Нажағайдан үйренгем.
Шадыман шат боп күлуді
Күн мен айдан үйренгем.
Тәкаппарлық, ерлікті
Асқар таудан үйренгем.
Мен бір жанмын ерікті,
Жарысып желмен жүгірген.
Ашу, қайғы дегенді
Қара бұлттан үйрендім.
Өз еркімше сілтемей,
Қашан ғана имендім?! (Аманжолов 2014: 15)*

Поэтикалық қасиет сінген қазақ өлеңінің мәтіні грамматика заңына бағынбайды, оның өзінің заңдылығы бар. Басты заңдылығы – мәні. Поэзия ақпарат бермейді, тәжірибе жүзінде дәлелдейтін ұсыныс жасамайды, Поэзияда Мән бар, бағалау бар. Бағалауының өзі бағалы, оның бермейтін ақпаратының өзі берілген ақпараттан сан есе қымбат, себебі поэзия – «жүректің үні». Күнделікті күйбең тіршіліктен жоғары бола тұрып, сол тірлікке жөн көрсетіп, биікті аңсатып, асқақтығымен тамсанып, бүтін бітімнің өлшеусіз қасиеттерін жариялайды, оқушысын алға ұмтылдырады, жетелейді, талаптандырады, қанаттандырады. Алға ұмтылған, талаптанған, қанаттанған оқырман өзі-ақ бүтіндікке қарай ілгері басары хақ.

Белгілі бір жағдайды немесе құбылысты поэзия тілімен де, проза тілімен де жеткізуге болады. Қалай жеткізу суреткердің алымына, қарымына байланысты. Поэзияда жиі қолданылатын фигураның түрлері мен эпитет, параллелизмдер ұлттық дүниетанымдық ақпаратқа суарылып, халықтық діл негізінде көркемдік шешім табатындықтан да, оны өзге тілдерге аудару қиын немесе мүмкін емес. Әрине, өлеңнің жалпы мазмұнын, жалпы мағынасы өзге тілдік бірліктер арқылы түсіндіруге, тіпті белгілі бір рифмамен өлең түрінде де жеткізуге болар, алайда өлең құрылысы, өлеңдегі ішкі үн, ұлттық діл арқылы берілетін негізгі мәнді аудару мүмкін болмайды. Аудармашы Абайдай болып, Пушкиннің Татьянасын Тәтіш етіп, дала аруына айналдырып назирагөйлікке салса, аударма туралы әңгіме сәл басқаша өрбуі мүмкін. Бірақ мұндай ҚҰБЫЛЫС сирек.

Демек, өлеңнің синтаксистік ерекшелігін зерделеу – аса маңызды ғылыми мәселенің бірі. Атап өткеніміздей, өлеңдегі синтаксис сөйлемнің құрылысына емес, ритмнің заңына бағынады. Мұндағы сөздердің орын тәртібі, сөз тіркесінің бағыныңқы, басыңқы сыңарлары да өлеңдегі фразаға, ритмге бағынышты.

Өлеңдегі интонация ше?! Бұл өзінше ұзақ әңгіме болары хақ. Анығы, өлең мәтіндегі кез келген лебіздік бірлік семантикалық жүк иеленеді, яғни өлең – күрделі құрылымды МӘН. Өлеңнің өзекмәні күрделі, кейде сыртқы мәтіндік бейнесінен ішкі мәні терең. Өлеңді оқу үшін, алдымен, оқырман дайын болуы керек. Ішкі жан дүниесі таза адам поэзияны оқи алатындай болып көрінеді маған. Сөз қадірін білетін, сөздің күшін сезінетін адам өлең оқи алады. Поэтикалық мәтін астарлы, көп қырлы, Мән сыртқы формасы арқылы көп аңғарыла бермеуі де мүмкін. Абайдың «*Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат*» өлеңін зерделеп көрелік:

*Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе зой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік
Ер табылса, жарайды қылса сұхбат.
Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,
Кейбіреу қояр құлақ ұққанынша.
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
Абайлар әрбір сөзді өз халынша.
Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,
Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.
Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар
Оңғақ бұлдай былғайды, бір дым тисе.
Керек іс бозбалаға – талаптылық,
Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық.
Кейбір жігіт жүреді мақтан көйлеп,
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық.
Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз!
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!
Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,
Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып.
Біріңді бірің гиззат, құрмет етіс,
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.
Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес.*

*Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,
Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес.
Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас,
Салынсаң, салдуарлық қадір қоймас.
Ер жігіт таңдап тауып, еппен жүрсін,
Төбетке өлекшіннің бәрі бір бас.
Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!
Көп жүрмес, жеңсікқойлық тез-ақ тозар,
Жаңғырар жеңсік құмар жатқа қозар.
Күнде көрген бір беттен көңіл қайтып,
Қылт еткізбес қылықты, тамыршы озар.
Толқынын жүрегінің хаттай таныр,
Бүлк еткізбес қалайша соқса тамыр.
Жар көңіліне бір жанын пида қылып,
Білместігің бар болса, қылар сабыр.
Шу дегенде көрінер сұлу артық,
Көбі көпшіл келеді ондай қанишық.
Бетім барда, бетіме кім шыдар деп,
Кімі паңдау келеді, кімі тантық.
Ақыл керек, іс керек, мінез керек,
Ер ұялар іс қылмас, болса зерек.
Салақ, олақ, ойнасышы, керім-кербез,
Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек.
Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй,
Қоржаң суық келеді кей сасық ми.
Ері ақылды, қатыны мінезді боп,
Тату болса, райыс үстіндегі үй.
Жоқ болса, қатыныңның жат өсегі,
Болмаса мінезінің еш кесегі,
Майысқан бейне гүлдей, толықсыған,
Кем емес алтын тақтан жар төсегі.
Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар
Ата-ананың қызынан гапыл қалма.
Үйіңе тату құрбың келсе кіріп,
Сазданба сен қабақпен имендіріп.
Ері сүйген кісіні ол да сүйіп,
Қызмет қылсын көңілі таза жүріп.*

*Құрбыңның тәуір болсын өз мінезі,
Абыройлы қалжыңмен келсін сөзі.
Сен оған мойын бұрып сөз айтқанда,
Қатыныңда болмасын оның көзі.
Кей құрбы бүгін тату, ертең бату,
Тілеуі, жақындығы – бәрі сату.
Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ,
Қажымас, қайта айнымас қайран тату!
Пайда деп, мал деп туар ендігі жас,*

*Еңбекпен терін сатып түзден жимас.
Меліш сауда сықылды күлкі сатып,
Алса қоймас, араны тағы тоймас.
Асық ұтыс сықылды алыс-беріс –
Тірі жанның қылғаны бүгін тегіс:
Бірі көйтке таласып, бірі арам қып,
Төбелескен, дауласқан жанжал-керіс.
Жас бала әуел тату бола қалар,
Ата-анадан жақын боп, ертіп алар.
Бірін бірі құшақтап шуылдасып,
Ойын тарқар кезінде ұрыс салар.
Біреуі жылап барса үйге таман,
Ата-анасы бұрқылдар онан жаман.
Татулығы құрысын ойыны мен,
Дәл соларға ұқсайды мына заман.
Жаман тату қазады өзіңе ор,
Оған сенсең, бір күні боларсың қор.
Ары бар, ұяты бар үлкенге сен,
Өзі зордың болады ығы да зор.
Қазақтың қайсысының бар санасы?
Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.
Пысықтықтың белгісі – арыз беру,
Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы. (Құнанбайұлы 2020/1: 101)*

Толықтай берілген өлең, «Жігіттер» деп қаратпа сөзден басталады. Қаратпа сөз, әдетте, шешендік сөздерде, үндеуде, ауызекі сөйлеудегі диалогта сөйлеушінің өз сөзін кімге қарата айтқанын аңғарту үшін қолданылады. Өлең – диалог емес. Үндеу, шешендік сөз деуге де келмейді, алайда, осының әрқайсысына белгілі дәрежеде ұқсастығы бар. Қаратпа сөз сөйлем ішінде жай ғана қолданыла салмайды, оның өзінің атқарар қызметі бар. Демек, Абайдың «жігіттерге» қарата айтуында үлкен мән бар. Мұнда, біздіңше, өзіне жақын санаған адамдармен сырласу, сұхбаттасу (*Ер табылса, жарайды қылса сұхбат*), сұхбаттаса отырып, ел жайын әңгімелеу бар. Мәтінде жігіттерге ғана

арналып айтылатын сөздер бар, оны да қаперге алатын болсақ (*Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй*) қаратпа сөздің жай тұрмағанын, ішкі МӘН-іне тереңдеу керек болатынын түсіне бастаймыз.

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат – бірінші шумақтың алғашқы жолы әрі тақырып атауы. Бүкіл мәтіннің өзекмәні де осы жолда. Абай СӨЗ әлемінде алғаш рет ойын мен күлкіні бөліп, жекелей мән беріп, одан әрі тереңдей түсіп, екеуін қарама-қарсы қояды. Бұл қарама-қарсылық «арзан-қымбат» деген сапалық мәндегі привативтік оппозиция арқылы таңбаланып, осы тұлғалардың семантикалық мәні арқылы берілген. Мәтінде ойын, күлкі сөздері субъект, арзан, қымбат предикаттық қатынаста келіп, қарама-қайшылықты күшейте түскен. Дұрысында, «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат» болып жазылып, бастауыш пен баяндауыштың араларына екі сызықша қойылуы керек. Олай болатын себебі өлең оқылғандағы интонация мен дауыс ырғағына назар аударыңызшы, «ойын, күлкі» сөздерінен кейін дауыс үзіліп, қайта көтеріліп, дауыс ырғағы арзан мен қымбат сөздеріне ерекше түседі. Демек, бұл тұлғалар бір-бірімен бастауыштық-баяндауыштық қатынаста тұр деген сөз. Арзан, қымбат сөздері ойын, күлкі лексемаларының анықтауышы емес, керісінше, сол сөздердің предикаты, ойдың салмағы да осы екі сөзге түседі. Қазақ сөзінің құрылымындағы заңдылық бойынша, баяндауыш тек сөйлемді аяқтап қана қоймайды, ол негізгі мәнді де анықтап, ойды нәтижелі етіп ұстаушы да. «Арзан», «қымбат» сөздерінің негізгі лексикалық мағыналары предикаттық қызметте одан әрі шындала түсіп, өзекмағынаны анықтауда ерекшеленеді де, ой мазмұнын ұстаушы басқы тұлғаға айналады.

Ойын – арзан, күлкі – қымбат! Қандай ойын, қандай күлкі туралы әңгіме болып тұрғанын таразылау оңай емес. Бұны анықтау үшін тек ақынның өз сөздеріне қайта жүгінеміз: ... *Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік ...*Иә, ақын шын күлу, шынайы күлуді нұсқайды. Құран Кәрімде: «Дүние тіршілігі еш нәрсе емес. Ойын-сауық қана. Әрине, ақырет жұрты тақуалар үшін жақсы. Сонда да түсінбейсіңдер ме?» – делінбей ме?!

Тағы да Абай өзінің төртінші Қара сөзінде: «*Шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп алып, қамалып қалмақ, ол өзі де – бір антұрғандық. Және әрбір жаман кісінің қылығына күлсең, оған рахаттанып күлме, ыза болғаныңнан күл, ызалы күлкі – өзі де қайғы. Ондай күлкіге үнемі өзің де салынбассың, әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттанып күлсең, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын гибрат көріп күл. Әрбір гибрат алмақтың өзі де мастыққа жібермей, уақытымен тоқтатады. Көп күлкінің бәрін де мақтағаным жоқ, оның ішінде бір күлкі бар-ау, құдай жаратқан орныменен іштен, көкіректен, жүректен келмейді, қолдан жасап, сыртыменен бет-аузын түзеп, бай-бай күлкінің әнін сәндеп, әдемішілік үшін күлетін бояма күлкі*» (Құнанбайұлы 2020/2: 19-20).

Демек, «қымбат күлкі», «күлкі қымбат» емес, «күлкі – қымбат». Шын күлкі, шынайы күлкі қымбат. Поэтикалық мәтіндегі сөздің жан-жақтылығы, көп қырлылығы – осы. Ақынның діттеп отырған ойын, күлкі сөздерінің жалпыхалықтық қолданыстағы негізгі мағыналары бір-бірімен мәндес, жақын. Ойын-күлкі қос сөзін жасап, негізгі мағыналарының ортақтығы арқылы жалпылық сема туғызады. Ал контексте бұл мағыналар бір-біріне оппозициялық сипатта жұмсалған. Сондықтан да оқушыға ойын мен күлкінің ара жігін анықтап, мәнін салмақтау, таразылау лазым.

*Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат,
Екі түрлі нәрсе зой сыр мен сымбат.*

Ақын бірінші жолда ойын мен күлкіні оппозицияға шығару арқылы жаңа мағына түзсе, екінші жолдағы «сыр» мен «сымбат» ондай емес, мұнда қарама-қайшылық жоқ, екеуі екі басқа нәрсе, екі түрлі денотат екені нақты аталған да, сыртқы сымбаттылық пен ішкі сырдың «сыры» өлеңнің соңына дейін нақты деректермен анықталып, айқындалып, ашыла түседі. Алдымен сөзді тыңдар кісіге қойылатын талап бар:

*Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік
Ер табылса, жарайды қылса сұхбат.
Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,
Кейбіреу қояр құлақ ұққанынша.
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
Абайлар әрбір сөзді өз халынша. (Құнанбайұлы 2020/1: 98)*

Сұхбат құруға «ер» керек – бұл тыңдаушыға (оқырманға) қойылатын шарт. Олардың деңгейі әр түрлі болатынын да ақын айтпай-ақ, көрмей-ақ біледі, біреу жай тыңдаушы, біреу ұққанынша тыңдайды, кейбіреуі сөз мәнісін біліп, әрбір сөздің байыбына баруға талап қылады. Біз үшін маңыздысы – «әрбір сөзді өз халынша» деуі. Қазіргі ғылыми терімсөзге салар болсақ, әр сөздің семантикасы толық мәтіннің мәнін құрауға қызмет етуі. Өлеңнің айтарын пайымдау үшін әр сөзге терең мән беріп, мәтіннің қызметтік-семантикалық құрылымын таразылау керек болады.

Ақынның өз қолтаңбасына сай стильмен әдіптеліп, желісі тартылған өлең мәтінінде «Жігіттерге» айтылатын «әдістемелік нұсқаулық» бар:

*Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз!
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз! (Құнанбайұлы 2020/1: 101)*

Өлеңдегі талғамды ойдың семантикалық-логикалық байланысы үзілмей жалғаса отырып, осындай философиялық түйіндеулер жасалады да, ойдың әрі жиынтық бейнесіндей, әрі бірізділікті сақтай, нақты суреттермен

дәйектеле тиянақталады. Классикалық поэзияға тән зияткерлік шамы жарқырайды. Өлеңді оқып отырғанда аға мен жақын дос-бауырлардың (немесе шәкірттермен) сұхбат құрып, ашық-жарқын әңгімелесіп, ақыл, өсиет тындап отырғанын сезінеміз. Өлеңді оқып отырғанда құлаққа қоңыр үн келеді, домбыра шанағынан төгілген шертпе күй ме... Көңіл аңсайтын жағымды сезім, қоңыр әуен.

Шашылып-төгілген эмоциясыз, «Жігіттерге» айтылған сыр деп таныдық өлең мазмұнын. Күнделікті өмірден алынған нақты деталдарды ақын қарапайым сөйлете бастағанда, сыр мен сымбаттың ара жігін айыру жеңілдеп, түсінік-таным парасаттылыққа қарай есігін ашады. Өлеңдегі этносаналық таным анау-мыау романның жүгін көтеретіндей деңгейде тұр.

Абай өлеңдерінде керемет сюжеттер бар. Ол сюжеттер хабарлау арқылы беріліп отырады, оны бір қарағанда байқамауымыз да мүмкін, алайда бұл сюжеттердің өзіндік формасы бар. Мәселен,

*Үйіңе тату құрбың келсе кіріп,
Сазданба сен қабақпен имендіріп.
Ері сүйген кісіні ол да сүйіп,
Қызмет қылсын көңілі таза жүріп.
Құрбыңның тәуір болсын өз мінезі,
Абыройлы қалжыңмен келсін сөзі.
Сен оған мойын бұрып сөз айтқанда,
Қатыныңда болмасын оның көзі. (Құнанбайұлы 2020/1: 124).*

Сюжет пе? Әрине, сюжет. Тәптіштей зерделегенде, мәтінде осындай бірнеше сюжеттік желі беріледі. Бір ойдан екінші ойға ауысу өлеңде грамматикалық формалардың (яғни ұйқас тұлғаларының) алмасуымен беріліп отырады. Феномен!!! Ақын әр шумақтағы ойға ерекше мән беріп, өзекмәнмен толықтырып, осындай қазақ өлеңіне ерекше МӨН енгізген. Яғни өлеңде келетін ұйқас пен берілетін ойдың арасында үндестік байланыс бар, ГАРМОНИЯ бар. Өлең шумақтарындағы ұйқас өзгергенде айтылар ой да жаңа арнаға түсті деген сөз. Шындықпен шымырлай жымдасып жатқан өлеңдегі мұндай сюжет оқырманын баурай тартады, тыңдатады, ойландырады. Бағалайды. Өйткені мұнда астарсыз ой, айқын пікір, ашық бағалау, қалтқысыз адал көңіл бар. Мәтінде адам қызметін суреттеу де, оны бағалау да бар, яғни мәтіннің қызметтік-семантикалық, қызметтік-сильдік сипаттамасын анықтауда осындай экстралингвистикалық белгілердің көрінісін есепке алу қажет.

*Біреуі жылап барса үйге таман,
Ата-анасы бұрқылдар онан жаман.
Татулығы құрысын ойыны мен,
Дәл соларға ұқсайды мына заман.*

*Жаман тату қазады өзіңе ор,
Оған сенсең, бір күні боларсың қор.* (Құнанбайұлы 2020/1: 140)

Мұндай сюжеттер не үшін қажет болды? Өлеңнің ішкі мәніндегі танымдық-ақпараттық ойдың халыққа жетімділігі, елдің түсінігіне оңтайлы болуы үшін де, күнделікті тәжірибеде көрінетін қарапайым тіршілік болмысын көз алдыңызға әкеле отырып, оның мәнін пайымдату, тура жол нұсқау мақсатындағы тұжырымдар осылайша деректермен әдіптеліп, құр насихатпен шаршатпай, үлгілік жолға бастату үшін де қажет болған. Өлең мәтіні арқылы берілетін толағай танымдық білім мен білік бар.

Халық Абай нұсқаған танымдық жолды, Абай ұстанған этикалық салтты, Абай бағыттаған білім мен білікті бағалады, ұстанды, сол жолмен ұрпағын тәрбиелеуде. Өйткені бұл берісі қазақ дүниетанымына, әрісі адамзаттық рухани ізгіліктерге негізделген, адами тура әдеп пен жақсы қасиеттерді насихаттайтын, ПАТША СӨЗ болатын. Сөздің күші – айтылуында да, бағалануында да. Айтылған сөз бағаланса нұрланады, ақынның өзі айтқандай, түзелген сөзді тыңдайтын тыңдаушы түзелсе, мұраттың орындалғаны. Бүгінде Абай данышпанның әрбір сөзі мақалға, нақыл сөзге, ақыл сөзге айналып, халық арасында түзелген тыңдаушы жүрегін нұрландырып жатса, СӨЗДІҢ бағаланғаны деп қабылдап, бағаланған СӨЗДІҢ халық қазынасындағы құндылыққа айналғанын айтамыз. Бір ғана мәселе Абай тілінде сөйлейтін, Абайды аудармадан емес, қазақ тілінде оқып, түсініп, таңданып, бағалайтындардың саны азаймаса болғаны.

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде бүгінде афоризмге айналып, халық арасында нақыл болып айтылып, әрбір қазақ тілді азаматтың лебізінде сөзінің мәнерін келтіріп мәнін ашу үшін қолданылатын шумақтар мен жолдар, тіркестер бар:

*Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат.
Екі түрлі нәрсе гой сыр мен сымбат.
Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,
Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз!
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!
Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,
Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Шу дегенде көрінер сұлу артық,

Ары бар, ақылы бар, ұяты бар

Ата-ананың қызынан гапыл қалма.
Кей құрбы бүгін тату, ертең бату,*

*Тілеуі, жақындығы – бәрі сату.
Пайда деп, мал деп туар ендігі жас,
Өзі зордың болады ығы да зор.* (Құнанбайұлы 2020/1: 101)

Халық түсінігін, пайымын, танымын бағалап, оған өзіндік үлес қосып, сол арқылы өзін бағалату Абай жеткен бүтіндік, Абай жеткен биік шың. Бұл адами ғылымда «ұлылық» деп аталады. «*Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат*» өлеңінің эстетикалық, этикалық, танымдық ақпараты терең. Идеялық-эстетикалық мазмұн мен тілдік тұлғалар жүйесі бір-бірімен үндес келіп, іштей гармония құрап, табиғи байланыс түзген.

Өлең мәтініндегі лебіздік бірліктердің әрқайсы семантикалық жүк иеленген, өзекмәнді ашу үшін ішкі семантикалық үйлесіммен, сыртқы формалық ұйқаспен, ерекше ой өрнегін таңбалау үшін «барын салады». Түзу ойды таңбалауда сөз мағыналары өздерінің негізгі семаларымен қызмет етеді. Ауыспалы мағына, метафоралық түрлену, т.б. аса көп қолданылмайды. Қарапайымдылықтан шығатын ұлылық! Қарапайым қазақ сөзі өзінің тура да негізгі мағынасы арқылы тура сөйлеп, таза сөйлеп, ақын сөзін төбеге көтеріп, шыңға шығарады. Ішкі ойдың мазмұнын таңбалау үшін ақын жүрегінде жатқан ойдың «жұмбағын» ой бесігінен сөз бесігіне шығарып әлдилеу үшін бір сөз келесі сөзден, бір тіркес екінші тіркестен үйлесім іздейді, табады. Ой үйлесімі сөз үйлесімімен жалғасын тауып, таңбаланып, халықтық жадпен ұласа дамып, ұлттық дүниетанымның негізімен бірге қаланып, әр заман үшін қажетті рухани құндылыққа айналады. А. Байтұрсынұлы: «*Елде жоқ рух – ақын сөзіне қайдан келсін?!*» (2013: 299) – деп жазған екен. Шынында да, елдегі рух, елдегі таным ақын шығармалары арқылы шымырлап шығып, қайта қуаттанып, құрыштай бекіп, қайта халықпен қауышып жатады.

Қорыта айтқанда, шығармашылықпен, суреткерлікпен тереңнен тартылып таңдалып алынған әрбір сөз маржандай тізіліп келіп, топталып, эстетикалық талғамды айқындайды. Мақсаттылық пен эстетикалық уәжділікке негізделген ӨЛЕҢ-дегі әрбір сөз бір-бір кірпіш болып қаланып, мәтіннің қызметтік-семантикалық құрылымын гармониялық үйлесіммен таңбалап, нақты көркемдік-эстетикалық міндет атқарады. Өлеңде стильдік мән үшін қолданылған бірлі-жарым араб сөздері, орыс сөзі (меліш – мелочь) ұшырасады. Қолданылған атаулар ерекше көркемдік қызмет атқарып, ақын стилінің жарқырауына, бүкпесіз ашылуына, ойдың анық болуына қызмет етеді. Мұны мысалмен дәлелдеу артық, өйткені өлең жолындағы кез келген сөздің семантикалық құрылымы бұл пікірімізді дәлелдей алады. Сөз арқылы шындық болмыс пен оның нақты сипаты таңбаланады, ақынның ерекше коммуникативтік стилі жаңа бір сапада көрініп, атаулар өздерінің тура мағынасында тұрып-ақ бейнелі-эстетикалық қызмет атқарады. Атаулардың негізгі және тура мағыналары арқылы таңбаланған бұл сапалық қызмет, жаңа сапалық қасиет қазақ тілінің көркем уәжделген дара жүйесін қалыптастырады.

Үәжделген деуіміздің мәнісі бар. Әр сөз өзінің бастапқы негізгі мағынасында тұрғандықтан да, өзексеманы сақтай, әралуан семаларға шашырамай, нақты мәнді танытып, өзінің мағыналық кендігі мен ауқымдылығын сақтайды.

Paidalanğan ädebïetter

Brekle, H. K. (1978) “Reflections on the Conditions for Coining, Use and Understanding of Nominal Compounds”, Proceedings of the 12th International Congress of Linguistics. – Inzbruck.

Eugene A. Nida (1952) God’s Word in Man’s Language, New York – Raris.

Altay, X. (1989) Quran Kärïm. Qazaqşa mağına jäne tüsinigi. Almatı: baspa joq.

Amanjolov, Q. (2014) Tañdamalı şığarmaları, Almatı: Ayğanım baspa üyi.

Baytursınulı, A. (2013) Alaştıñ tildik murası, Almatı: Atamura baspası.

Bart, R. (1989) İzbrannie raboti. Semïotïka - Poétïka, Moskva: izdatelstvo net.

Qazaq tiliniñ tüsindirme sözdigi (1983) 7-tom, Almatı: baspa joq.

Qudayberdiulı, Ş. (1988) Şığarmaları: Öleñder, dastandar, qara sözder. Almatı: Jazwşı baspası.

Qunanbayulı, A. (2020/1) Şığarmalarınïñ akademïyalıq tolıq jïnağı. 1-tom, Almatı: «Jazwşı» baspası.

Qunanbayulı, A. (2020/2) Şığarmalarınïñ akademïyalıq tolıq jïnağı. 2-tom, Almatı: «Jazwşı» baspası.

Qunanbayulı, A. (2020/3) Şığarmalarınïñ akademïyalıq tolıq jïnağı. 3-tom, Almatı: «Jazwşı» baspası.

Lotman, Yu. M. (1970) Strwktwra xwdojestvennogo teksta. Moskva: izdatelstvo net.

Maytanov, B. (2013) Abay jäne waqıt tuğırnaması. Almatı. <https://abai.kaznu.kz/?p=1359>

Pïrs, Ç. S. (2000) İzbrannie filosofskie proïzvedeniya. Moskva: İzdatelstvo Logos.